



ForteOTP

Қолданушының нұсқаулығы



МАЗМҰНЫ

1. ҚОСЫМШАНЫ ІСКЕ ҚОСУ.....	3
1.1. БАСТАПҚЫ ІСКЕ ҚОСУ.....	3
1.2. ҚАЛЫПТЫ ІСКЕ ҚОСУ.....	4
2. ҚОСЫМШАМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ.....	5
2.1. OTP ТОКЕНДІ ҚОСУ.....	5
2.2. ТОКЕНМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ.....	6
2.3. ТОКЕНДІ ӨЗГЕРТУ НЕМЕСЕ ҚОСУ.....	6
2.1.ҚОСЫМШАНЫ ДЕРЕКТЕРІНЕН АРЫЛТУ (инициализация)	6
2.2.ПИН-кодты өзгерту.....	7
2.3.TOUCH ID (БИОМЕТРИКА) АВТОРИЗАЦИЯЛАУ.....	9

ҚҰЖАТТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚОЛДАНЫЛУЫ

Бұл құжат «ForteOTP» мобильді OTP токенімен жұмыс істеу мүмкіндіктерін сипаттау мақсатында жасалған. «ForteOTP» -мен жұмысты бастамас бұрын осы қолданушының нұсқаулығымен танысу қажет.




1. Қосымшаны іске қосу


1.1. Бастапқы іске қосу

Бастапқы рет іске қосу кезінде қосымшаға қолжетімділік алу үшін ПИН-код орнату қажет:

1. ПИН-кодты ашылған терезеде де орнату;
2. «Әрі қарай» батырмасын басу;



3. Орнатылған ПИН-кодты қайта теріңіз;
4. «Дайын» батырмасын басыңыз.






1.2. Қалыпты іске қосу

Қосымша келесі жолдары кірген сайын орнатылған ПИН-код сұратылады.

Егер сіз ПИН-кодты 5 реттен көп қателесіп енгізсеңіз, қосымша бұғатталады және қосымшаны басынан бастап қайтадан орнатуыңызға тура келеді.





2. Қосымшамен жұмыс істеу


2.1. OTP токенді қосу

Жаңадан OTP токенді қосу (іске қосу) үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Қосымшаның мәзірінен «Токенді қосу» деп таңдаңыз.



2. Өрістерді толтырыңыз және «Іске қосу» батырмасын басыңыз.




3. «Іске қосу» батырмасын басыңыз.



2.2. Токенмен жұмыс істеу

OTP мәнін алу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Қосымшаны ашыңыз
2. Басты беттен қажетті токенді басып, таңдаңыз
3. OTP мәні шығады, бұл мәнді «Көшіру» батырмасын басып көшіріп алуыңызға болады




ЕСКЕРТУ

Бірнеше токендермен жұмыс істеу кезінде OTP мәні сол сәтте таңдалған бір ғана токендікі көрсетіледі.

2.3. Токенді өзгерту немесе өшіру

Қосылған (токен қосымшасында іске қосылған) токеннің қолданыстағы атын өзгертуге немесе оны өшіріп тастауға болады. Атын өзгерту немесе оны өшіру үшін қажет токенге бірнеше секунд басып тұрасыз және келесі әрекеттерді таңдайсыз:

- Атын өзгерту
- Токенді өшіру




2.1. Қосымшаны деректерінен арылту (инициализациялау)

Қосымшаны инициализациялау – бұл қосымшаның барлық баптауларынан арылту функциясы. Инициализациялау кезінде барлық токендер өшіріледі және қосымша бастапқы орнату кезіндегідей деңгейге өтеді.




Инициализациялауды орындау үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Баптауларға өтіңіз



2. «Деректерден арылту» батырмасын басыңыз




3. Қосымшаға қолжетімділік алу үшін жаңадан ПИН-код орнатыңыз

2.2. ПИН-кодты ауыстыру


ПИН-кодты ауыстыру үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Баптауларға өтіңіз







2. «ПИН-кодты ауыстыру» батырмасын басыңыз



3. Қолданып жүрген ПИН-кодты енгізіңіз, одан әрі жаңадан ПИН-код орнатыңыз және «Әрі қарай» батырмасын басыңыз.



4. Жаңа ПИН-кодты қайта енгізіңіз және «Дайын» батырмасын басыңыз.



5. ПИН-код сәтті өзгертілді.



2.3.Touch ID (биометрика) авторизациялау


Бұл баптау арқылы қосымшаға саусақ ізімен кіруді баптауға болады. Бұл баптауды ForteOTP-да қосу үшін сіздің құрылғыңыздағы осы баптауды қосу қажет.

ЕСКЕРТУ:


Биометриканы қосу сіздің құрылғыңыздың қауіпсіздік баптаулары арқылы іске асырылады.

Құрылғыда биометриканы баптаған соң баптау ForteOTP-да қолжетімді болады. Қосымшаны ашыңыз және келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Баптауларға өтіңіз




2. «Саусақ ізі арқылы аутентификациялауды» қосыңыз





3. Қолданып жүрген ПИН-кодыңызды енгізіңіз.
4. Өзіңіздің Touch ID – ді растаңыз.



5. Енді ForteOTP қосқан кезде ПИН-кодты енгізу терезесінде «Саусақ ізі арқылы аутентификациялау» қосымша батырмасы шығады.

